

3

Жұмылған
істің жемісі

4

Бірінші байлықты
баптаған

Сыр бойы

№129 (21005) 26 тамыз, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен министр Такеши Ивая сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-жапон кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Сондай-ақ халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

Президент Жапония сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, оның Астанаға сапары екі ел арасындағы қарым-қатынасты арттыруға тын серпін беретінін атап өтті.

— Жапония — Азиядағы сенімді әрі жақын серіктесіміз. Біз Токиомен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береміз. Премьер-министр Ишибаға ыстық ықыласымды жеткізуді сұраймын. Премьер-министр Шигеру Ишиба Қазақстанға ресми сапармен келмекші. Біз оның сапарын асыға күтіп, дайындалудамыз. Өзара қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр деп сеніммен айтуға болады, — деді Президент.

Өз кезегінде Такеши Ивая қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын білдірді.

— Сіздің сәлеміңізді Премьер-министрімізге міндетті түрде жеткіземіз. Қазақстан мен Жапония — халықаралық тәртіпті күшейтуге мүдделі стратегиялық серіктестер. Менің бұл сапарым екі ел арасындағы байланысты одан әрі дамытуға жол ашады деп ойлаймын, — деді Жапония Сыртқы істер министрі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Такеши Ивая халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде әңгімелесті.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІ БАЯНДАЛДЫ

Президент Денсаулық сақтау министрі
Ақмарал Әл Назарованы қабылдады.

Мемлекет басшысына денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен алдағы кезеңге арналған перспективті міндеттері жөнінде баяндалды.

Ақмарал Әл Назарованың айтуынша, өткен жылы елімізде өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жеткен. Бұл — әлемдік орташа деңгейден жоғары көрсеткіш. Биылғы бірінші жартыжылдықта жалпы өлім-жітім 3 пайызға төмендеді. Былтыр алғаш рет ана мен бала өлімі ең аз көлемде тіркелді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғашқы медициналық-санитарлық көмектің тиімділігін арттыру, «Колжетімді емхана» тұжырымдамасын жүзеге асыру, халықтың скринингтен өтуін жеңілдету бойынша мәлімет берілді. Дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз ету және оның айналымын бақылауды күшейту шаралары жүргізіліп жатыр. 2024 жылмен салыстырғанда дәрігерлер тапшылығы республикада 19 пайызға, ауылдарда 16 пайызға және орта буын медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі 7 пайызға азайды.

Президентке медицина қызметкерлерін қорғау шаралары жөнінде ақпарат берілді. Бұл орайда заңнаманы қатаңдатуға, дәрігерлерге шабуыл жасалған жағдайда жедел көмек көрсетуге ден қойылады. Министрліктің мәліметінше, келесі жылдан бастап әлеуметтік осал топтағы 1 миллион адам медициналық сақтандырумен қамтылады.

Мемлекет басшысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендердегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандарының құрылысын жыл соңына дейін аяқтау, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін тиімді ету, аса маңызды дәрі-дәрмектердің отандық өндірісін дамыту бойынша бірқатар міндет жүктелді. Сондай-ақ азаматтардың денсаулығын нығайту және медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру жұмыстарын жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»: Сексеуілде 300 орындық білім ордасы ашылды



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде Сексеуіл кентіндегі 300 орындық «Келешек мектебінің» ашылу рәсіміне қатысты. Конституция мерекесі қарсаңындағы осы салтанатты басқосуға және бірқатар маңызды нысандардың ашылуында Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева және зиялы қауым өкілдері бірге болды.

Облыс әкімі тұрғындарды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, білім саласындағы жетістіктерге тоқталды.

— Сіздерді жаңа бастамалар мен үмітке толы мереке 1 қыркүйек — Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған бұл білім ордасы оқу мен ізденіс арқылы әр баланың болашағын айқындайды.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асырды. Облысымыздың бюджеті 823 млрд теңгеден асып, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті.

2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектеп жанынан 2900 орындық қосымша ғимарат салынды. Нәтижесінде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ТАРИХИ ТЕМІРЖОЛ ҚАҚПАЛАРЫ ҚАЙТА ТҮРЛЕНЕДІ

Елде жөнделетін 100 вокзалдың 10-ы облыс еншісінде

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарына жұмыс сапарымен барып, теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын көрді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Аукымды жобаның тапсырыс берушісі — «Қазақстан темір жолы» АҚ. Алдымен аймақ басшысы назарға алған «Тереңөзек теміржол вокзалын күрделі жөндеу және аумағын абаттандыру» жобасы аясында перронды жарықтандыру, брусчатка төсеу, орындықтар мен коқыс жәшіктерін орнату, көгалдандыру, темір қоршаулар орнату және гранит тастармен әрлеу қарастырылған. Жалпы аумағы 274 шаршы метр болатын ғимарат құрылысы осы тамыз айында басталып, желтоқсанда аяқталуы тиіс.

Жалағаш ауданында бұрынғы теміржол пункті қайта жаңғыртылуда. Екісі бұзылып, заманауи вокзал салынады. Сондай-ақ перронды



абаттандыру және жарықтандыру жоспарланған. Мердігер мекеме ескі пункттің орнын тегістеуде. Аумағын абаттандыру үшін Жалағаш кенті әкімдігінің теңгеріміндегі жер учаскесі «Қазақстан темір жолы» АҚ Қызылорда облыстық филиалына берілуде. Жобада жаңа үлгідегі ғимарат, перронды абаттандыру және жарықтандыру қарастырылған. Жосалы кентіндегі 1904 жылы салынған теміржол вокзалында да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта шатыры ашылған, ішкі бөлмелер демонтаждалып, қасбеті қапталуда.

Төретам теміржол вокзалында да жөндеу және аумағын абаттандыру жұмысы қарқын алған. Құрылыс алаңы қоршалып, эскиздік жобаға сәйкес қасбетті жылу сақтағыш материалдармен және травертинмен қаптау, шатырды жаңарту жұмыстары басталған. Ішкі бөлме-

«Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд 400 млн теңгеге Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы, жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат ел игілігіне табысталды.

Мұнда оқу үшін еліміздің 17 аймағынан 1445 оқушы өтініш білдіріп, білім бәйгесінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 200 бала қабылданды.

Аталған қор есебінен 2 млрд 333 млн теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық заманауи мектептің құрылысы жүзінде. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі.

2-бет

АРАЛДА «ҚАМҚОРЛЫҚ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Кеше сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал қаласындағы «Қамқорлық» оңалту орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аймақ басшысы әлеуметтік салада атқарылған жұмыстарға тоқталып, аудан тұрғындарын құттықтады.

2-бет

ТОҚАБАЙДА ЖАҢА МЕКТЕП

Жаңа оқу жылы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Тоқабай ауылындағы 100 орындық мектеп пайдалануға берілді. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын игі бастаманың іске асуымен құттықтады.

2-бет

/// МӘСЕЛЕ

ТАМШЫ СУДЫҢ СҰРАУЫ БАР

Кей ғалымдардың кезінде айтқан болжамдары дөп келіп жатыр. Су тапшылығы, әсіресе, Сырдария өзенінің бойында ахуал өзекті. Әр күнді санап су алып отырған диқан үшін бұл науқанның шешуші сәтіне жету оңай емес. Үнем, жаңа технология, бәрі-бәрі електен өтіп, өндіріске алынуға.

3-бет



кажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен келісімшартқа отырды.

2023 жылы Қызылорда қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар вокзал мен аумағы толықтай жаңғыртудан өтті. Жобаның жалпы сомасы 577 млн теңге, оған «Қазақстан темір жолы» компаниясы 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 255 млн теңге қаржы бөлінді. 1905 жылы салынған бір қабатты вокзалға күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде заманауи талаптарға сай бейімделді. Қасбеті травертин плиталарымен қапталды, шатыры жаңартылды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустар орнатылды. Сонымен қатар суағар, су, көріз және жылу жүйелері жөнделіп, қала жақ беті көгалдандырылды. Ішкі бөлмелері де толықтай жөндеді. Бұдан бөлек, екі жолаушылар платформасына асфальт төселіп, төрт тірекке 10 жарық шамы орнатылды.

1969 жылы салынған екінші нысан да жаңартылды. Әкімшілік ғимараттың қасбеті әрленіп, есіктері, 200 шаршы метр шатыр ауыстырылды. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен перрон мен автотұрақ асфальтталып, жарық шамдар қойылды. Сол аумақтағы нысандардың қасбеті де заманауи келбетке ие болды.

Бұл жұмыстар аймақтағы көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы:

\$ 537,34 kzt

€ 623,05 kzt

₸ 6,65 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +35°

🌙 +24°

Сәрсенбі

☀️ +35°

🌙 +23°

АРАЛДА «ҚАМҚОРЛЫҚ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

– Биыл ел тәуелсіздігінің тұмары, демократиялық құндылықтардың негізі саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл тоды.

Бүгін міне, мереке қарсаңында өздеріңізбен бірге игілікке қызмет ететін жаңа нысанды ашқалы тұрмыз.

Қазіргі таңда ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен тұрғындар денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 441 млрд теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді.

Саланы медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты. Жергілікті бюджеттен 5 млрд 400 млн теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік бір мезетте алынып, елді мекендердегі денсаулық сақтау мекемелеріне табысталды.



Арал ауданына 25 автокөлік бөлініп, олар шалғайдағы Жіңішкекүм, Қуланды, Жаңақұрылыс, Акбасты, Қарашалаң ауылдары тұрғындарының игілігіне айналды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша, елді мекендерді санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандар біліктілігін арттыру мәселесі ұдайы назарда екенін де атап өтті.

– «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 5 млрд теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға сірек кездесетін дертке шалдыққан жерлестерімізге қажетті дәрі-дәрмек сатып алынды. Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады.

Өздеріңізге белгілі, бүгінге дейін Аралда типтік ғимараттағы аудандық емхана мәселесі шешімін таппай келген. Әр келген сайын осындағы ағайын бұл мәселені қайта-қайта көтеретін. Сіздердің өтініштеріңізбен жаңа емхана салу жөнінде шешім қабылддық. Облыстық бюджеттен 22 млн теңге бөлініп, ауысымына 250 келушіге арналған емхана салу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Құны 6 млрд 600 млн теңге, жалпы көлемі 8 600 шаршы метр болады. Емхана құрылысын Арнаулы мемлекеттік қордан қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бүгін ел игілігіне табысталатын жаңа орталық, ондағы дәрігерлер елге адал қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне сергектік сыйлап, халық алғысына бөленеді деп сенеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірдің барлық ауданында 28 медициналық нысан салынды. Арал ауданында Токабай, Бөген, Қызылжар дәрігерлік амбулаториялары және Көктем ауылында медициналық пункт пайдалануға берілді



Ұлттық жоба аясында Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған көпбейінді аудандық ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар, Арал, Шиелі аудандық ауруханалары жанынан жұпалы аурулар бөлімшелері салынуда.

Жақын күндері Шиелі ауданындағы жұпалы аурулар бөлімшесі мен аудандық аурухананың қосымша құрылысы пайдалануға беріледі. Қалған 4 нысан жыл соңына дейін табысталады.

Жыл басында Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған аурухана ашылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекенінде медициналық бекет іске қосылды. Осылайша ауылдардағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының ғимараттарын нормативке сәйкестендіру мәселесі толығымен шешілді. Қызмет көрсету мүмкіндігі кеңейген жаңа «Қан орталығы» жұмыс атқаруда.

Қызылорда қаласында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде.

Ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Өткен жылдан бері 17 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, 44 ғимараттың жылу жүйесі газға ауыстырылды. Биыл 7 млрд 600 млн теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды.

1-бет

ТОҚАБАЙДА ЖАҢА МЕКТЕП



– Өздеріңіз білетіндей, бұған дейін салынған мектеп ғимаратының сапасы сын көтермей, апатты жағдайда деп танылды. Ауыл балалары уақытша әкімдік ғимаратында білім алып келді. Осы жағдайды ескеріп, өткенжылды демалушылық есебінен мектеп ғимаратын қайта салуды қолға алған болатынбыз. Алдымен негізгі оқу корпусының құрылысын аяқтап, балалардың жайлы жерде білім алуына жағдай жасадық. Бүгін құрылыс толық аяқталып, пайдалануға берілуде.

Әрбір баланың шығармашылықпен, спортпен айналысуына мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік жасалуда. 2022 жылдан бері өңірімізде жаңадан 15 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынды. Қызылордада «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым»,

1-бет

«Өнер орталығы», облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеруде. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріледі.

Соңғы үш жылда 20 спорт кешені іске қосылды. Биыл тағы 6 спорт кешені келушілерге қызметін бастайды. Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион құрылысы қарқынды жүруде. Алдағы қыркүйек айында ашылады.

Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы.

Өткен жылдың қазан айында «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп, «Теннис орталығы» ашылды. Биыл «Қазақстан халқына» қорының қолдауы-

мен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері табысталды. Қордың демалушылығымен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Жергілікті кәсіпкерлердің демалушылығымен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне қызмет етуде.

Ізденіс әлемінде білімге деген құлшыныстарыңыз өрлей берсін! Жаңа оқу жылында шәкірттерге табыс, ұстаздарға шығармашылық шабыт, ата-аналарға қуаныш тілеймін! – деді облыс әкімі.

Жиында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар облыстың Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Наурызбай Байқадамов, Мұрат Ерғешбаев құттықтауын жеткізіп, қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев, Білім беру ісінің үздігі, Арал ауданының құр-



метті азаматы Үргенішбай Қуатов бата берді.

Айта кетейік, қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында үш жылда төрт «Оқушылар үйі» мен екі «Өнер мектебі» салынып, зияткер жас ұрпаққа қызмет етуде. 29 тамыз күні Шиелі ауданындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» салтанатты түрде ел игілігіне табысталады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы мамыр айында пайдалануға берілді. Өткен жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының демалушылығымен заманауи «Оқушылар сарайы» ашылды.

Қазіргі таңда қайта жаңғырту қолға алынған Президент саябағында жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін 300 орындық тынығу лагері, Ботаникалық білім беру орталығы салынуда.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»: Сексеуілде 300 орындық білім ордасы ашылды



Президент тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңіріміздегі 51 мектеп күрделі жөндеуде (реновация). Биыл облыстық бюджеттен 2 млрд 400 млн теңге

1-бет

бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртудан өтті. Соңғы үш жылда 5 млрд 300 млн теңгеге 15 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өткен үш жылда апатты жағдайдағы 7 мектептің мәселесі толық шешімін тапты.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенев Арал ауданына жұмыс сапарында Арал қаласындағы Бақтыбай батыр көшесінің автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстарымен де танысты.



Аталған жобаның сметалық құжаттамасы 2023 жылы әзірленген. Құны – 1 млрд 604,9 млн теңге, мердігер – «Арал құрылысы» серіктестігі. Қазіргі таңда Байқоңыр көшесінен І.Жүсіпов көшесіне дейінгі аралықта ескі асфальт жабындысы алынып, тегістеліп, асфальттың бірінші қабатына қиыршық тас төселуде.

Жоба аясында 2,3 шақырымдық көшеге ені 12 метр асфальт жол салынады. Сонымен қатар жолдың екі жағынан ені 1,5 метр жаяу жүргіншілер жолы түсіп, түнгі жарықшамдар

мен аялдамалар орнатылады. Әбілқайыр хан көшесінен №260 орта мектепке дейінгі аралықта ені 5,5 метр асфальт төселіп, 4 бағдаршам жаңартылып, 1 жаңа бағдаршам қойылады.

Аймақ басшысы мердігер мекемеге негізгі талап сапа мен жұмыстың уақытылы аяқталуы екенін ескертті. Құрылыстың әр кезеңін бақылауда ұстап, белгіленген мерзімнен кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



ВИЦЕ-МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Айдар Әбілдабековпен кездесті. Кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды.

Бүгінде аймақ әлеуметтік-экономикалық дамуда тұрақты өсімге қол жеткізді, жалпы өңірлік өнім 104,8%. Экономика құрылымының 31%-ын құрайтын сауда саласында тауарлар мен қызметтер көлемі 6,1%-ға артты.

Өңірде 30-ға жуық кәсіпорын күріш, балық өнімдері, ас тұзы, цемент, шыны, уран шала тотығы және аммоний метаванадатын экспорттап, экономиканы әртараптандыруға үлес қосуда. Алдағы бесжылдықта 2 трлн теңгенің 89 инвестициялық жобасы іске асырылып, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылмақ.

Биыл өңірдің кірішше деген сұранысының 90%-ын қамтамасыз ететін жаңа зауыт пен 3,5 мың адамға қызмет көрсететін «Orhun Medical» медицина орталығы іске қосылды. Сонымен қатар ЖЭО, қиыршық тас және айна шығару өндірістері, жолаушылар вагондарын жөндеу кешені, кондиционерлік және макарон өнімдері цехтары, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт, коммуналдық базар жә-

не екі шағын өнеркәсіптік аймақ ашылады.

Құрылыс басталатын 14 ірі жобаның қатарында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауыты, «Rixos» бес жұлдызды қонақ үйі, кальцийленген сода зауыты, «Шалқия» кен байыту фабрикасы және бөтелке шығаратын зауыт бар. Бұған қоса, Катармен бірлескен қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ қондырғысы және испандық «Rosa Group» компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық өнім өндіретін зауыт құрылысы қолға алынды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Қорқыт Ата әуежайы» жанынан арнайы экономикалық аймақ құрылды. Оның аясында құрылыс индустриясы, машина жасау, логистика және инновациялық бағыттағы жобалар жүзеге асырылмақ.

Сапар кезінде вице-министр қала орталығындағы «Сыбаға», «Сұлтан-2» сауда базарлары мен экспортқа бағдарланған өндірістік кәсіпорындарды аралап, жұмыс барысын көрді.

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫМЕН ПІКІРЛЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржановпен кездесті. Кездесуде өңірдегі жер ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді игеру, цифрландыру және жер кадастрын жетілдіру мәселелері талқыланды.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, облыстың жер көлемі 24,1 млн гектар, оның 2,9 млн гектары – ауыл шаруашылығы мақсатында. Мемлекет басшысының пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерін мемлекетке қайтару жөніндегі тапсырма-

сы бойынша биылға жоспарланған 60 мың гектардың 43 мың гектары қайтарылды. 2022-2024 жылдар аралығында 460,2 мың гектар жер мемлекетке қайтарылды, оның 93,6 мың гектары қайта айналымға енгізілді.

ЖҰМЫЛҒАН ІСТІҢ ЖЕМІСІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Тағзым» алаңында күрделі вегетациялық кезеңде өңірлерден көмекке келген төтенше жағдайлар саласының қызметкерлерімен кездесті. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықбанұлы арнайы қатысты.

Кездесуде аймақ басшысы өңірлерден арнайы келіп, егін алқаптарын сумен қамтамасыз етуге қолдау көрсеткен төтеншеліктерге алғыс білдірді.

– Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Егін алқаптарын сумен қамтамасыз ету жұмыстарына барлық өңірден арнайы келіп, көмек қолын созғандарыңыз Сыр елі дикандарын қуантты. Дикандар үшін ең маңыздысы – судың толық және мерзімінде жеткізілуі. Сол қажеттілікті дер кезінде қамтамасыз етіп, елдің иырысы мен берекесіне үлес қосқандарыңыз – үлкен еңбектің, елге деген адалдығын білеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бәріміз – бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашанырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз» деген болатын.

Біздің мақсатымыз – Өділетті Қазақстанның адал азаматы болу. Тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағын бірге жасау.

Еліміздің айбынын асырар ер-азаматтарымыз, сарбаздарымыз аман болсын! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, – деді облыс әкімі.

Басқосуда Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы сөз сөйледі. Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықбанұлы бата берді.

Өңірлерден келген төтенше жағдайлар қызметкерлері ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар қызметінің арнайы техникасы мен құрал-

жабдықтары таныстырылды. Мамандар олардың мүмкіндіктерін, төтенше жағдай кезінде қолдану тәсілдерін көрсетті. Құтқару жұмыстарында пайдаланылатын заманауи жабдықтардың артықшылықтары мен тиімділігі түсіндірілді.

Айта кетейік, Қызылорда – еліміздің күрішке сұранысының 90%-ын қамтамасыз ететін басты өңір. Биыл 189600 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның 80900 гектарына күріш себілді.

Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалануда кешенді шаралар атқарылууда. Күріш мелиоративтік дақыл болғандықтан, су шығынын азайтудың тиімді жолы – лазерлік тегістеу. Биыл лазерлік тегістелген егін көлемі 60 мың гектарға жетті. Бұл суармалы суды 20% үнемдеуге мүмкіндік береді.

Магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы егін алқаптары бекітілген кестеге сәйкес кезекпен суарылууда. Су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егілетін егін көлемі бытырғыдан 3700 гектарға артып, 8100 гектарға жеткізілді. Бұл жұмыстарға шаруашылық құрылымдарының, «Қазсушар» облыстық филиалының, елді мекендердің меншігіндегі 299 су насосу пайдаланылды.

Президент тапсырмасына сәйкес су тапшылығы жағдайында Үкімет резервінен 53 жылжымалы дизельді насос ауылға 1 млрд теңге бөлініп, алғашқы легі облысқа жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдалануда. Қосымша насостарға қажеттілік туындағанда, Төтенше жағдайлар, Су ресурстары және ирригация министрінің үйлестіруімен еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкер, 25 насос қондырғысымен көмекке келді.



ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарға барды.

Алдымен «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалында болды. Бүгінде әуежайдың өткізу қабілеті 7 есе ұлғайып, мұнда жылына 2 млн жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. Жаңа терминал IATA және ICAO халықаралық стандарттарына сай келеді.

Әрі қарай аймақ басшысы Сырдария ауданының «Бесарық» ауылына барып, мектеп, дәрігерлік амбулатория және спорттық-сауықтыру кешенінің жұмысымен танысты. Мұнан бөлек, «Ауыл аманаты» бағдарламасының орындалу барысын көрді. «Абай-Дәулет» ЖШС ұйымдастырған алаңда ауыл тұрғындарының 13 бизнес-жобасы жүзеге асуда. Мұнда жартылай фабрикаттар, пластикалық ыдыстар, ағаш бұйымдары, тоқыма, кондитерлік өнімдер, сабын және басқа да тауарлар шығаратын цехтар жұмыс істейді.

«Бесарықта» жастарды отансүйгіштік пен ізгілікке тәр-



биелеуге арналған «Адал адам» тұжырымдамасы енгізілген. Балаларға түрлі үйірмелер ұсынылып, шығармашылық ұжым құрылды.

Келесі бағыт – жаңа жылу-электр орталығының құрылысы алаңы. Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған нысанға тұркиялық «Акса энерджи» компаниясы 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйды. Жоба бойынша екі газтүрбиналық қондырғы, 95 МВт-

тық бу турбинасы, екі бу және төрт жылу қазандығы орнатылады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 70%-ы аяқталған. Сонымен қатар бюджет есебінен 15 млрд теңгеге 45 шақырым газ құбыры мен автоматтандырылған газ тарту станциясы салынды. Құрылыс алаңында 1200-ден астам жұмысшы еңбек етуде, олардың көпшілігі жергілікті тұрғындар.

Жылу-электр орталығын

«СБ» ақпарат



ТАМШЫ СУДЫҢ СҰРАУЫ БАР

Кей ғалымдардың кезінде айтқан болжамдары дөп келіп жатыр. Су тапшылығы, әсіресе, Сырдария өзенінің бойында ахуал өзекті. Әр күнді санап су алып отырған диқан үшін бұл науқанның шешуші сәтіне жету оңай емес. Үнем, жаңа технология бәрі-бәрі електен өтіп, өндіріске алынууда.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен өткен семинар-тренингте осы мәселелер жан-жақты таразыланды. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, ғалымдар, шаруашылық басшылары және сала мамандары пікір талқысын жасап, ойларын ортаға салды.

Биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суаруға 3,9 млрд текше метр су лимиті белгіленген. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында вегетациялық кезеңде «Шардара» су қоймасына 3,7 млрд текше метр, оның ішінде 1 сәуір-20 тамыз аралығында 3,1 млрд текше метр су түсу болашағы жасалған. Алайда, нақты түскені бар болғаны 2,1 млрд текше метр. Мұныыз межеңің 67 пайызын ғана құрайды. Су тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайда тұрақты мониторинг және кеңінен түсіндірме жүргізу үшін барлық ауданда арнайы жұмысшы тобы құрылған. Келген су көлемін тиімді пайдалану мақсатында қашыртықдағы суды екінші мәрте пайдалану бойынша облыста 324 насос қондырғысы жұмыс жасауда.

Бүгінде каналдар арқылы Сырдария өзенінен нақты 3,3 млрд текше метр су алынып, егістікке 2,5 млрд текше метр су берілді.

Биыл өңірдің аграрлық саласы үшін сын-дарлы кезең болды. Өрбір тамшы судың қадірі артты. Облыс басшылығының тікелей бақылауымен суды тиімді пайдалануға мән берілді. Су тапшылығы жағдайында егіншілердің жергілікті «Сыр сұлуы» сортының тиімділігіне көзі айқын жетті. Суды тиімді пайдалану текке айтқандар мәселе емес. Өзгертін уақыт келді, егіншілік мәдениетін қалыптастыратын кез жетті. Суды бағалай білейік, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Сенат депутаты Руслан Рүстемов мемлекет тарапынан су ресурстарын басқаруда тиісті іс-шаралар қолға алынып жатқанын атап өтті. Ұзақ уақыттан бері айтылып келе жатқан «Су Кодексі» аграрлық саладағы көп түйткілдің оң шешімін табуына ықпал етті. Екі жылдан астам қоғам талқылауынан өткен маңызы құжат ендігі кезекте су ресурстарын тиімді пайдалану ісін жолға қояды. Су кодексінен гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі, оларды қайта жаңғырту мәселесі арнайы назарға алынған. Алдағы уақытта Қазақстан Үкіметі 2030 жылға дейін су ресурстарын дамытудың тұжырымдамасын қабылдайды. Оған қоса 2028 жылға дейін су саласын дамытудың кешенді жоспары бекітіледі. Сондай-ақ кодексе бойынша алдағы жылдан бастап су тарифін бекіту Ұлттық экономика министрінің Су ресурстары және ирригация министрілігі құзырына өтеді. Бұл – жаңадан құрылған министрлікке үлкен сенім. Жана заңға су құрылыстары және су саласы техникаларының аудиті енгізілген.

Тағы бір атап өтерлігі, бассейндік су инспекцияларының қызметіне тергеу секілді жаңа функция берілді. Яғни, су нарығын зерттеу, зерделеу, бақылау және қадағалау инспекция құзыретіне өткізіледі. Сондай-ақ елді мекен жанындағы қарғын суларды егін және мал шаруашылығына пайдалануға қатысты жақсы тетіктер қарастырылған. Айтылған мәселенің барлығы корексте көрініс тапты. Қазір салалық министрлік жұмыс жүргізіп жатса, ұлттық гидрологиялық қызмет құрылып жатыр.

Азындағында, гидрологиялық қызмет елімізде ұзақ уақыт бойы ұмыт қалды. Салдарынан жерасты су қоймаларын, олардың мүмкіндігін зерттеу назардан тыс қалып қойды. Ендігі кезекте жаңа құрылым сол олқылықтың орнын толтырады деген сенімдеміз. Алдағы уақытта жыл сайын елде су қоры қанша, оны пайдалану жолы қандай деген мәселелер халықтың ашық талқысына ұсынылады. Мемлекет басшысы тұрақты түрде су мәселесін шешу үшін тиісті іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Биыл су тапшылығы өткен жылдармен салыстырғанда күрделі жағдайда өтіп жатқанын білеміз. Бір аптадай бұрын мен күріш ғылыми-зерттеу институты ғалымдарымен жүздескенде су ресурстарын тиімді пайдалануға байланысты ұсыныс-пікірлерді тыңдадым. Бұл мәселелерді Парламентте аймақтан сайланған депутаттар жиі көтеріп келеміз. Облыста ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру мәселесіне көңіл бөлгеніміз жөн. Қазір жүгері өсіруге байланысты еліміздің өзге өңірлерінен инвесторлар тарту ойластырылууда. Одан өндірілетін крахмалдың пайдасы мен тиімділігі зор. Мамандардың айтуынша, Алматы облысы жеріндегі балбанит бізден төмендеу екен. Онда өнімділік гектарына 7 тоннаны құрайды. Бізде ешқандай тынайтыш пайдаланбай-ақ өнімді 10 тоннадан алуға болады. Ал агротехнологиялық талаптар сақталған жағдайда одан да жоғары өнімге қол жеткізуге болады, – деді Руслан Рүстемов.

Сенат депутатының айтуынша, «Су Кодексі» бойынша 2026 жылдан бастап үнемдеу технологиясын енгізген және лазерлік тегістеу

жүргізген, тамшылатып суару әдісіне көшкен шаруашылықтарға берілетін субсидия көлемі 50 пайыздан 80 пайызға дейін көбейеді. Ал мұндай талапты сақтамаған құрылымдарға берілетін субсидия 35 пайызға дейін төмендейді.

Облыстық мәслихат депутаты, «Қазсушар» Қызылорда филиалының басшысы Жорабек Нұрымбетовтің айтуынша, жаңадан қабылданған «Су Кодексі» көп мәселені ретке келтіруге жол ашты. Онда мамандардың ұсыныс-пікірлері кеңінен қамтылды. Кейінгі жылдары аймақта суды үнемдеу мәселесіне байланысты тың жобалар қолға алынып отыр.

– Қазір әлем бойынша су ресурстарының тапшылығы жиі айтылып жүр. Мәселен, күріш ғылыми-зерттеу институты ғалымдары тарапынан «Қарауылтөбеде» кейінгі үш жылдың ішінде жан жобалар жүзеге асты. Ашығын айтайық, қай кезде де ғылымсыз өркендеу мүмкін емес. Нәтижесінде жергілікті ғалымдар суды 20-25 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік бар екенін нақты дәлелдеді. Олардың қатарында жерді лазерлік тегістеу, ішкі су жолдарын тазалау, кезек бойынша суару секілді талаптар бар. Мұндай оң істер облыс шаруашылықтарында кеңінен қанат жайып келеді. Бұл күріш дақылдың қалыпты деңгейде өсуіне, өнімділікке оң әсерін тигізді. Осы мақсатта облыс басшылығы тарапынан тиісті іс-шаралар атқарылғанын жақсы білеміз, – деді Ж.Нұрымбетов.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Жанұзақ Байманов айтқандай, суармалы егіншілікте әлемдік және отандық тәжірибе көрсеткендей сапалы тегістелген атыз – тұрақты түрде мол өнім алудың кепілі. Оған қоса су қорын үнемдеуге қол жеткізеді. Бұл негізгі факторлардың бірі екендігі дәлелденген. Қазір техникаларын соңғы жетістігін пайдаланып, атыз тегістігінің дәлдігіне көз жеткізу керек. Күріш атыздарының тегістігі өнімділікті гектарына 19,9 центнерге (47%) арттырады. Ал бір тонна кара күрішті өндіруге кететін су көлемін 621 текше метрге (36%) дейін үнемдейді.

– Ашығын айтқанда, Сыр өңіріндегі суармалы алқаптардың жағдайы өте төмен. Яғни, күріш атыздарының тегістігі талапқа сай емес. Суару және қашыртық-көріз желісі көміліп, жақтауы құлап, қамыс басып жатыр. Кейбір гидротехникалық құрылыстар істен шыққан. Бұндай жағдайда егін алқабында суды үнемді пайдаланып, ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алу мүмкін емес. Ал автоматтандырылған құрылғылар күріш атызына су беру, есепке алу және қашыртықлауды тәулік бойына қамтамасыз етеді. Бұл жағдай су ресурстарына жауапты мамандардың жұмысын жеңілдетеді, еңбек өнімділігін арттырады. Оған қоса және құрастырылуы мен басқарылуы оңай, бағасы қолжетімді. Елімізде күрішті көптеген өсіру тәсілін зерттеулер 1998-2000 және 2018-2019 жылдары жүзеге асты. Оған Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Құрманбек Бөкірұлы жетекшілік жасады. Ғылыми жұмыстар қазір институттың тәжірибе алаңында кеңінен қолданылууда, – деді Жанұзақ Байманов.

Еліміз бойынша күріш егісінің көлемі 100 мың гектарды құрайды. Оның 90 пайызға жуығы Сыр өңірінің үлесінде. Қалғаны Алматы, Жетісу, Түркістан облыстарында өсіріледі. Күріш – елімізде азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты өсімдік шаруашылығы саласының бірі. Ел халқының күрішті қайта өңдеу өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 116-120%-ға жетеді. Қажетті су ресурстары болған жағдайда Қазақстан бүгінде 500 мың тоннаға дейін күріш жармасын өндіре алады.

– Болжамға сүйенсек, трансшекаралық өзендердің ағыны 2030 жылға қарай 40%-ға қысқаруы мүмкін. Су қорына деген сұраныстың тез өсуі және тұрақты қорының азаюы байқалады. Мәселен, әлемде 2030 жылға қарай 14 млрд текше метр мөлшерінде су тапшылығы болады деген деректер айтылады. Ол 2050 жылға қарай 20 млрд текше метрді шамалайды. Сондықтан ауыспалы егісте дәстүрлі тәсілдерді қолдану, заманауи автоматтандырылған қондырғыларды енгізу, каналдар жүйесін таза ұстау, олардың бойындағы су шығынымен күрес, гидротехникалық құрылыстарды талапқа сәйкестендіру, күріш атыздарын лазерлі тегістеу ескерілгені жөн. Сондай-ақ егістікте ылғал сақтағыш препараттарды қолдану, суару режимін дұрыс сақтау, ауыспалы егін жүйесінде күріштің үлесін азайту және суды а пайдаланатын дақылдар енгізу, уақытты су пайдалану жоспарын жасау үлкен мәнге ие. Қысқасы, бәріне өлшем, сауатты құрылған есеп керек, – деді Ж.Байманов.

Қалай десек те, жылдан-жылға су ресурсына байланысты мәселе күрделеніп келеді. Өрбір тамшы судың қадірін біліп, қажетке асыру қажет.

Әділхан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

